

10 желтоқсан  
Сейсенбі,  
2024 жыл

uil-gazet@mail.ru

# Ойыл

Газет 1930  
жылдың  
қараша айынан  
бастап шығады

## «СЫБАҒА» - ҰЛТ МҰРАСЫНЫҢ АПТАЛЫҒЫ

2-6 ЖЕЛТОҚСАН ОБЛЫСЫМЫЗДА АЛҒАШ РЕТ «СЫБАҒА» ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛЕРДІҢ АУҚЫМДЫ ФЕСТИВАЛІ ӨТКІЗІЛДІ. БЕС КҮНГЕ СОЗЫЛҒАН ДӘСТҮРЛЕР ФЕСТИВАЛІ АЯСЫНДА ҰЛТТЫҚ КИИМДЕРДІҢ СӨН КӨРСЕТІЛІМІ ЖӘНЕ ҚОЛӨНЕР ШЕБЕРЛЕРІНІҢ «ДӘУІР ДЕФИЛЕСІ» КӨРМЕ-ЖӨРМЕҢКЕСІ ӨТТІ. АҒШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІН ДӨРІП-ТЕЙТІН «САЛБУРЫН» ЖАРЫСЫ, СОНДАЙ-АҚ ТАҒАМДАР КӨРМЕСІ ДЕ КӨПШІЛІКТІҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ТУДЫРДЫ. ФЕСТИВАЛДІҢ СОҒҒЫ КҮНІ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫМЕН ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ.



## ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ КИИМДЕРІ НАСИХАТТАЛДЫ



Облыста алғаш рет ұйымдастырылған «Сыбаға» ұлттық дәстүрлер фестивалінің екінші күнінде «Дәстүр дефилесі» ұлттық киімдер сән шеруі өтті.

Іс-шараға аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев қатысты.

Аудандық мәдениет үйінде өткен шараның шымалдығы

фойеде жасақталған қолөнер көрмесімен ашылды. Келушілер Ойыл қазақ орта мектебі, Ж.Жүсімалиев атындағы қазақ орта мектебі, Ш. Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясы, аудандық оқушылар үйі, «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы жанындағы «Үкілі үміт» мүмкіндігі шектеулілер клубының мүшесі Гүлсім Елекбаеваның қолынан шыққан түрлі қолөнер бұйымдарын, көрпе-көпшіктерді, оқушылар жасаған моншақты картиналарды тамашалап, ұлттық асымыз бауырсақ пен дәм тіл үйірер айраннан дәм татты. Ұлттық киімдерді насихаттау мақсатында өткен сән көрсетілімін Ойыл мәдениет үйі,

жастар ресурстық орталығы, аудандық балалар музыка мектебі мен оқушылар үйі ұйымдастырды. Ұлттық киімдер шеруін шапан киген ерлер бастады.

Бүрмелі көйлек пен камзол киген қыздар, кимешек бас киімдегі аналар жиналғандардың ыстық ықыласына бөленді. Қызыл кілем бойымен жүріп, ұлттық киімнің шығу тарихы айтылды. «Дәуір дефилесінің» негізгі мақсаты ұлттық киімнің маңыздылығын айшықтау, тарихымен таныстыру, ұлттық үлгіде тігілген киім арқылы жастардың бойына отансүйгіштік сезімін ұялату болып табылады. Шара соңы әуезді өнмен жалғасын тапты.

## ҰЛТТЫҚ СПОРТКА ҰДАЙЫ КОЛДАУ КЕРЕК!

«Сыбаға» фестивалі аясында ұлттық спорт түрлерінен ерекше көңіл бөлініп, садақ ату мен асық ату сайысы ұйымдастырылды. Бұл шаралар қазақ халқының бай мәдени мұрасын жаңғыртып, жастарды ұлттық құндылықтарға баулу мақсат етеді. Қатысушылар садақ атуда мергендіктерін сынап, асық атуда шеберліктерін көрсетті.

Жалпы сайысқа 32 спортшы қатысты. Садақ атуда қатысушылар 5 топқа бөлінді. Өр топтан шыққан жеңімпаздар финалда өз ара шын мықтыны анықтады. Құралайды көзге атқан мергендеріміздің арасындағы сайыс тартысты



өтті. Көрермендердің қолдауы ұлттық спортшымыздың болашағы жарқын екенін байқатты. Бәсекеге толы сайыстың нәтижесі бойынша I-орын Құрал Дүйсенғалиев, II-орын Бақытбек Шойынов, III-орын Бекзат Әліпқалиев ие болды. Одан әрі асық ату ойыны жалғасын тапты. Жұпқа бөлінген қатысушылар тартысты ойын көрсетті. Өр жұптан шыққан жеңімпаздар өз ара сайыс арқылы шын мықтыны анықтады. Финалдық кезеңде бабы мен бағы жарасқан Нұрлыжан Мұқашев сайыс жеңімпазы атанды. II-орынға Нұрлан Ешімов, III-орынға Нұрлан Майлыбаев ие болды.

## «БЕРЕКЕ КҮНІ» ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРЫНЫҢ КӨРМЕСІ ӨТТІ

«Сыбаға» фестивалінің «Береке» күні аясында ұлттық тағамдар мен ұлттық өнімдер көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің негізгі мақсаты – халқымыздың ұмытылып бара жатқан ұлттық тағамдарын насихаттау, олардың күнделікті тұрмыста пайдаланып ас мәзіріне қосу болып табылады.

«Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында өткен көрмеге аудан орталығынан «Аналар кеңесі» мүшелері мен ауылдық округ әкімдіктері қатысты. Шараға қатысушыларға күнделікті тұрмыста ұмыт болып бара жатқан еттен, ұннан, дәмді-дақылдан жасалған өнімдер мен ұлттық сусын түрлері ұсынылып, көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Дастарханға бас

тағамнан бөлек, қуырдақ, бауырсақ, құрт, ірімшік, көже, қазы және басқа да ұлттық асымыз қойылды. Шараға арнайы қатысқан аудан әкімі Асқар Қазыбаев «Сыбаға» фестивалінің маңыздылығын атап өтіп, ұлттық тағамдарды дөріптеуге үлес қосқан әр азаматқа алғысын білдірді.


Көрмеге келген барша қатысушылар әзірленген тағам түрлерінен дәм татып, ұлттық тағамдардың жасалу жолы мен шығу тарихымен танысты. P.S АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН «БЕРЕКЕ» ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАР ГАСТРОНОМИЯЛЫҚ КӨРМЕСІНЕ БІЗДІҢ АУДАННАН ОЙЫЛ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ МЕН «АНА-

ЛАР КЕҢЕСІ» МҮШЕЛЕРІ ҚАТЫСЫП, ҰЛТТЫҚ АСЫМЫЗДЫҢ ДӨРІПТЕЛУІНЕ ҮЛЕСТЕРІН ҚОСТЫ. ОЙЫЛДЫҢ БРЕНДИНЕ АЙНАЛҒАН ТАРЫДАН ӨНДІРІЛГЕН 12 ӨНІМ АПАРДЫ. СОНДАЙ-АҚ,

КЕЛІ-КЕЛСАППЕН ТАРЫ ТҮЙІП, ЖЕРГІЛІК ӨНІМНІҢ ҚАЛАЙ ЖАСАЛАТЫНЫН ТҮСІНДІРДІ. ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ «МӨДЕНИ МҰРАНЫ САҚТАУ» НОМИНАЦИЯСЫМЕН МАРАПАТТАЛДЫ.



## ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИУЛЫ ҚАЗЫБАЕВТЫҢ АУДАН ХАЛҚЫН ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ



### Құрметті жерлестер!

Баршаңызды Ұлы дала елінің ұлық мерекесі, елдігіміздің тұмары – Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын! Тәуелсіздік – дәуір мен уақыттың бізге берген үлкен сыйы, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Жер бетіндегі қай халық үшін де тәуелсіздіктен биік ұлы мұрат жоқ. Еліміздің Тәуелсіздігі – ұлтымыздың ежелден еркіндік аңсаған асқақ рухының және ұлт тарихындағы барлық азаттық үшін болған күрестердің көк байрақты жеңісі.

Ұлы далада сан ғасырлық қоғамдық құбылыстарды басынан өткізген ел мен халық үшін Ұлы дала сахнасында болған тарихи оқиғалар ізсіз кеткен жоқ. Сол соқпақты жолды жүріп өткен бабаларымыз талай ғасыр азаттықты аңсап өтсе де, рухы мықты, өр халық намысын ешкімге тапталмады.

Мың жарым жылға жуық халық болып бірігуді, ел болып қалануды, еркіндікті аңсаған халықтың арманы 1991 жылы жүзеге асты. Тарих бетінде Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті пайда болды. Тәуелсіздігімізді орнықтырудың ең қиын жылдарында халық ортақ мақсаттар жолында жұдырықтай жұмылып, баршамыз Тәуелсіз мемлекетімізді бірлесіп құруға мүмкіндік алдық. Осылайша, Қазақстан әлемдік тарих бетінде Тәуелсіз Ел ретіндегі жаңа парақтарын бастады. Бүгінде ынтымақты ұран, татулықты ту еткен бейбіт халқымыздың бағындырған белестері, әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ұмтылған мемлекетіміздің толағай табыстары орасан. Тілегі татулыққа негізделген қазақ елін бүгінде әлем бейбітшілік бесігі деп мойындайды. Осы уақыт ішінде мемлекетіміздің экономикасы қарыштап даму үстінде болып, көп ұлтты, бірлігі жарасқан, ынтымағы бекем, келешегі кемел ел болдық.

Бұл – ұлт пен ұлыстың татулығы, отандастарымыздың табанды еңбегі мен ерік-жігерінің жемісі. Сондықтан да, тарихи оқиғалар тоғысқан бұл мерекені қазақ халқы жүрегімен сезінуі керек. **Ардақты ағайын!** Өрине, біз Тәуелсіздігіміздің тағы бір жаңа парақтарын ашар тұста азат ел екенімізді, өткеніміз өнегілі, келешегіміз кемел екендігін зор мақтанышпен айтамыз. Сондықтан да, кешегі өткен бабаларымыздың асыл арманы болған Тәуелсіздікті қанша дәріптесек те артық емес. Ұлы мерекені ұлықтау ел болып өңсе тіктегемінімізді көрсетеді. Қазақ үшін қандай да бір мереке болмасын оның бастауында – Тәуелсіздік күні тұрады. Ендеше, қазақтың арманы мен мүддесін, елдігі мен еңбегін бағалау жолында бәріміз жұмыла еңбек етуіміз қажет. Баршаңызды ұлық мерекеміз –Тәуелсіздік күнімен тағы бір мәрте құттықтаймын!

Өр шаңыраққа шаттық пен бақыт, дендеріңізге саулық, бастарыңызға амандық, еңбектеріңізге жеміс тілеймін! Қазақ елінің Тәуелсіздігі ғұмырлы, Туымыз тұғырлы болсын! Мереке құтты болсын!

Құрметпен, Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев,  
Ойыл ауданының әкімі

## ОЙЫЛДАҒЫ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ҚАРҚЫНЫ – БІРІ ШАПШАН, БІРІ БАЛУ

Өткен аптаның соңында Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Асылбек Есенбаев Ойыл ауданына жұмыс сапарымен келді. Алдымен көктемгі су тасқыны салдарынан зардап шеккен Ш.Берсиев ауылдық округі Қаратал ауылының келесі көктемге дайындығы мен бөгет салу жұмыстарымен танысты. Бөгет салуға бөлінген қаржы - 866, 5 млн. Қазіргі таңда жұмыстың орындалу сатысы 70 пайызды құрап отыр. Сондай-ақ Қаратал ауылында жаңадан салынып жатқан 60 орындық балабақша құрылысының бүгінгі жай-күйіне қанықты.

Одан кейін аудан халқын алаңдатып отырған Ойыл селосына кіреберістегі көпір құрылысын жүргізіп жатқан мердігердің жұмысымен танысты. Бөлінген қаржысы 4 073,5 млн. теңге. Қазіргі таңда орындалған жұмыс 30 пайызды ғана құрап отыр. Сондықтан, мердігерлерге ауа-райының қолайлы сәтін пайдаланып, жұмыс қарқынын күшейтуді тапсырды. Облыс әкімі орынбасарының Ойыл ауданына сапары жаңа құрылыс алаңында аяқталды. Яғни, ол жерде тұрғын үй салу бойынша аяқталған жұмыстармен танысты. Жалпы саны Ойыл ауданы бойынша 172 үй жаңадан салынды. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары толықтай аяқталды. Сонымен қатар әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатындағы тұрғын үйлер салу жұмыстары жүргізілген болатын.

Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары аяқталған, мемлекеттік сатып алу процесі жүріп жатыр. Сондай-ақ, Ойыл ауылында жаңадан салынып жатқан балабақша және мектеп құрылысына барды. Мұнда жұмыстар межеленген мерзімде жүргізіліп жатыр.

ГАЗЕТИМІЗДІҢ КЕЛЕСІ САНЫ 18 ЖЕЛТОҚСАН,  
СӘРСЕНБІ КҮНІ ШЫҒАДЫ.

## ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ САЙЛАУ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

Ойыл аудандық мәслихаты Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 10 бабының 3 тармағына сәйкес учаскелік сайлау комиссияларының мүшелігінен шығып қалған бос орындарға сайлау үдерісінің басталуы туралы хабарлайды.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатураларды да ұсынуға құқылы. Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихат сайлау комиссиясының мүшелігіне өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсыныстары бойынша сайлайды.

Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және құрылған сайлау комиссиясынан жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2024 жылдың 4 желтоқсанынан бастап 19 желтоқсанға дейін мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) сайлау комиссияларының құрамына кандидатура туралы белгіленген нысан бойынша электрондық және қағаз форматтағы мәлімет;
- 2) аумақтық сайлау комиссиясының құрамына кандидатты ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімдерінен үзінді;
- 3) саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің тіркелгендігі туралы құжаттың көшірмесі;
- 4) кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысандағы өтініші.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылған тұлға, Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сайлау комиссиясының мүшелігіне кандидат аталған комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруы қажет.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 23 бабының 2 тармағында көзделген, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі бір ұйымның қызметкерлері болмауы керек. Сайлау комиссияларының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңілілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды.

Мәслихатқа ұсынылатын қағаз нысандағы барлық құжаттар қол қойылуы, мөрмен расталуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс. Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2024 жылдың 19 желтоқсанға дейін, дүйсенбіден жұма аралығында сағат 09:00 ден 18:30-ге дейін жүргізіледі, үзіліс сағат 12.30-дан 14.00-ге дейін.

Ойыл аудандық мәслихаты, Мәслихаттың мекен-жайы: Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Құрманғазин көшесі 43 үй. Жауапты тұлға – Дусипова Гулнур Тлеугалиевна, қалааралық телефон коды (871332), қызмет телефондары 2-13-70, 2-11-78, факс: 2-13-70, ұялы телефоны 8-705-918-28-96 электрондық пошта: maslihat.uil@mail.ru

### САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ БОЙЫНША БОС ОРЫНДАР:

Учаскелік сайлау комиссиясының номері	Комиссия құрамындағы бос орын саны
№ 396	1
№ 399	1
№400	1
№402	1
№408	1

## ИНФОРМАЦИЯ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА О ПРОВЕДЕНИИ ВЫБОРОВ

Уилский районный маслихат в соответствии с пунктом 3 статьи 10 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» объявляет о начале избирательного процесса на вакантные места, выбывшие из членов участковых избирательных комиссий.

Каждая политическая партия вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии. Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатуры, не являющиеся членами данной политической партии.

В случае отсутствия представлений политических партий маслихат избирает избирательную комиссию по представлению иных общественных объединений и вышестоящей избирательной комиссии.

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящая, по отношению к формируемой, избирательная комиссия начиная с 4 декабря по 19 декабря 2024 года представляют в маслихат следующие документы:

- 1) сведения о кандидатурах в состав избирательной комиссии по установленной форме в электронном и бумажном формате;
- 2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей избирательной комиссии о представлении кандидатов в состав соответствующей избирательной комиссии;
- 3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);
- 4) заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан». Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

В соответствии с пунктом 2 статьи 23 Конституционного закона о выборах, более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной организации.

В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).

Все документы, представляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью, и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Прием представлений по составу избирательных комиссий осуществляется до 19 декабря 2024 года с понедельника по пятницу с 09:00 до 18:30 часов, перерыв с 12:30 до 14:00 часов.

Уилский районный маслихат, Местонахождение маслихата: Уилский район, село Уил, ул. Курмангазина 43.

Ответственное лицо – Дусипова Гулнур Тлеугалиевна, междугородний телефонный код (871332), номер служебного телефона 2-13-70, 2-11-78 мобильный телефон: 8705-918-28-96, электронная почта: maslihat.uil@mail.ru

### ВАКАНСИИ ПО ИЗБИРАТЕЛЬНЫМ КОМИССИЯМ:

Номер участковых избирательных комиссий	Число вакантных мест
№ 396	1
№ 399	1
№400	1
№402	1
№408	1

## БІЛІМ ТУРАЛЫ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТӨЛНІСҚАЛЫҒЫН

ЕГОВ МОБИЛЕ ҚОСЫМШАСЫНДА ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ БІЛІМ ТУРАЛЫ ҚҰЖАТТАРДЫ ТАҢУ ҚЫЗМЕТІ ЕНДІ ЕГОВ МОБИЛЕ МОБИЛЬДІ ҚОЛДАНБАСЫНДА ДА ҚОЛЖЕТІМДІ. БҮЛ АЗАМАТТАРҒА ОРТА ЖӨНЕ ОРТА БІЛІМНЕН KEЙІНГІ БІЛІМ ТУРАЛЫ ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ ТҮПНІСҚАЛЫҒЫН ТІКЕЛЕЙ МОБИЛЬДІ ҚҰРЫЛҒЫДАН ТЕКСЕРУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ. БҰҒАН ДЕЙІН ҚЫЗМЕТ ЕГОВ.KZ ПОРТАЛЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛДЫ.

Сонымен қатар, бұл қызмет жоғалған құжаттардың телнұсқаларын алу және шетелде білім алғанын растау процесін айтарлықтай жеңілдетеді. Осы арқылы пайдаланушылар бұрын алған білімдерін растайтын куәлікті тез және ыңғайлы түрде рәсімдей алады, жоғалған білімдерін растайтын құжатты қалпына келтіре алады немесе шетелде білім алғанын растай алады.

### ҚЫЗМЕТТІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН:

-eGov мобильді қосымшасына авторизациядан өтіп, «Қызметтер» - «Білім» бөліміне өту қажет;

-«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттарды

### ПОДТВЕРДИТЬ ПОДЛИННОСТЬ ДОКУМЕНТОВ ОБ

ОБРАЗОВАНИИ МОЖНО В ПРИЛОЖЕНИИ ЕГОВ МОБИЛЕ УСЛУГА ПО ПРИЗНАНИЮ ДОКУМЕНТОВ ОБ ОБРАЗОВАНИИ ТЕПЕРЬ ДОСТУПНА И В МОБИЛЬНОМ ПРИЛОЖЕНИИ ЕГОВ МОБИЛЕ. ЭТО ПОЗВОЛЯЕТ ГРАЖДНАМ ЛЕГКО ПОДТВЕРДИТЬ ПОДЛИННОСТЬ ДОКУМЕНТОВ О СРЕДНЕМ И ПОСЛЕСРЕДНЕМ ОБРАЗОВАНИИ ПРЯМО С МОБИЛЬНОГО УСТРОЙСТВА. РАНЕЕ УСЛУГА БЫЛА ДОСТУПНА НА ПОРТАЛЕ ЕГОВ.KZ.



Также данная услуга значительно упрощает процесс получения дубликатов утраченных документов и подтверждения факта получения образования за рубежом. Благодаря этому пользователи могут быстро и удобно оформить удостоверение о признании подлинности ранее полученного образования, восстановить утраченный документ подтвержда-

ющий факт его получения или подтвердить зарубежное образование.

**Чтобы получить услугу, необходимо:**

- авторизоваться в приложении eGov Mobile и перейти в раздел «Услуги» — «Образование»;
- выбрать нужную услугу «Признание документов о среднем, техническом и профессиональном, послесреднем образовании»;
- заполнить необходимые поля, прикрепить документы и дать согласие на использование персональных данных;
- подписать заявку с помощью Face ID/Touch ID.

Услуга была запущена при сотрудничестве Комитета государственных услуг Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК, АО «Национальные информационные технологии» и Министерства просвещения РК.

**Жайнагул СЕЙДАХМЕТОВА,**  
Управление по связям с общественностью АО «НИТ».

## ӘРБІР ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЗАҢ КӨМЕГІНЕ ЖҮГІНЕ АЛАДЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАРЛЫҚ АЗАМАТТАРЫНА БІЛІКТІ ЗАҢ КӨМЕГІН ТЕГІН АЛУҒА КЕПІЛДІК БЕРІЛЕДІ.ТЕГІН ЗАҢ КӨМЕГІН АЛУДЫҢ ЕКІ ТӘСІЛІ БАР: МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ЖӨНЕ КЕШЕНДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЗАҢ КӨМЕГІ.



Мемлекет тарапынан кепілдік берілген және кешенді әлеуметтік көмектің басты айырмашылығы- бірінші жағдайда адвокаттың жұмысы мемлекеттік бюджет есебінен төленеді, ал екіншісінде заңгерлер өз еркімен және ақысыз заңгерлік қызмет көрсетеді.

Тегін заң көмегін көрсетуге уақыт шектеулері белгіленбейді. Бұл ретте, сол мәселе бойынша азамат мемлекет кепілдік берген заң көмегін бір рет қана ала алады.

1. Мемлекет кепілдік берген заң көмегі құқықтық ақпарат-

беру азаматтардың келесі санаттарына көрсетіледі:

- алимент, зейнетақы, жәрдемақы, оңалту, босқын немесе қандас мәртебесі мәселелері бойынша жеке тұлғаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;

- сексуалдық зорлық-зомбылық, адам саудасы, лаңкестік және өз құқықтарын қорғауда азап тартқан құрбандарға;

- асыраушысынан айырылған адамдарға;

- еңбек қызметіне байланысты денсаулығына зақым келуі немесе қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген зиянды өтеу мәселелері бар адамдарға;

- соғыс ардагерлеріне, әскери қызметкерлерге, мүгедектерге және зейнеткер жасына байланысты, кәсіпкерлік қызметпен байланысы жоқ мәселелер бойынша;

- көп балалы отбасыларға;

- кәсіпкерлік қызметпен байланысы жоқ табысы төмен адамдарға.

Сотта өкілдік ету - соттарда, құқық қорғау органдарында, өзге де мемлекеттік мекемелерде және мемлекеттік емес ұйымдарда азаматтардың мүдделерін қорғау. Бұл ретте талапкерлер де, жауапкерлер де заңгер қызметтеріне ақы төлеуден босатылады.

Сотта азаматтардың мүдделерін қорғау әкімшілік жауапқа тартылатын адамдарға; азаматтық іс бойынша талапкерлер мен жауапкерлерге, сон-

дай-ақ әкімшілік іс бойынша талапкерлерге; қылмыстық іс бойынша күдіктілерге, айыпталушыларға, сотталушыларға, сотталғандарға, ақталғандарға және Жәбірленушілерге көрсетіледі.

2. Азаматтарға тегін көмек көрсетудің екінші түрі – кешенді әлеуметтік құқықтық көмек.

Ол клиент өтініш берген сәттен басталып, ісі бойынша түпкілікті шешімге дейін қолдау көрсетіліп, жазбаша шарт жасалады.

Алайда, мұндағы басты ерекшелік: азаматтық сот ісін жүргізу шеңберінде кәсіпкерлікке байланысты даулы жағдайлар бойынша кешенді әлеуметтік көмек көрсетілмейді.

Кешенді әлеуметтік көмек алушылар бірнеше топқа бөлінеді:

- Ұлы Отан соғысының және басқа да мемлекеттердің аумағында болған соғыс ардагерлері;

- зейнеткерлер, оның ішінде қарттар үйінде тұратындар;

- қандастар, босқындар және табысы төмен шетелдіктерді қоса алғанда атаулы әлеуметтік көмек алатын адамдар;

- I және II топтағы мүгедектер;

- мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналар немесе мүгедектігі бар кемелетке толған адамдардың қамқоршылары;

- арнайы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж адамдар (мысалы, зорлық-зомбылықтан зардап шеккен жетімдер, үйсіз адамдар).

Мемлекет кепілдік берген

заң көмегіне ұқсас – әлеуметтік заң көмегі азаматтардың құқықтарын қорғау үшін құқықтық ақпараттандыруды, кеңес беру және басқа да қызметтерді қамтиды.

Әлеуметтік заң көмегін алу үшін тұрғындар адвокаттар алқасына, тұрғылықты жері бойынша заң кеңесшілері палатасына жүгіне алады.

Мұнда азаматтар жеке куәлігі мен тегін көмек алу құқығын растайтын құжаттарды ұсыну қажет.

3. Азаматтар үшін маңызды құрал «Е-Заң көмегі» интернет-порталы болып табылады, бұл заң кеңесіне жүгінуге мүмкіндігі жоқ тұрғындарға қатысты. «Е-Заң көмегі» Қазақстанның барлық тұрғындары үшін тегін негізде құқықтық мәселелер бойынша алғашқы заң көмегін (кеңес беру) беру қызметі.

Бұл интернет-порталдың артықшылығы оның қолжетімділігі, пайдаланудың қарапайымдылығы, кеңес алу үшін мамандандырылған заңгерді таңдау мүмкіндігі, отбасы құқығы мен тұтынушылардың құқықтарын қорғауға қатысты көптеген мәселелер бойынша көмек алу қызметі болып табылады.

Заң көмегін алу үшін қолаға барудың немесе адвокат іздеудің қажеті жоқ, тек қана интернеттің болуы жеткілікті.

«Е-Заң көмегі» интернетпен жұмыс істеудің негізгі дағдыларын білетін әр азамат пайдалана алады. Бұл үшін ұялы телефонға жүктелетін қосым-

шаны пайдалану жеткілікті.

Тегін заң көмегін алудың тағы бір жолы – интернет болмаған кезде телефон арқылы кеңес алу. Бұл көмекті сенім телефоны арқылы алуға болады: 1414 немесе 119. Бұл құқықтық ақпараттық қызмет бүкіл Қазақстан бойынша тегін және тәулік бойы жұмыс істейді, онда операторлар мамандандырылған заңгерлермен байланысады, сұрақтарға жауап береді және ұсыныс-кеңес береді. Кейбір жағдайларда операторлар жергілікті мәселелерді шешуге көмектесетін мамандарға бағыттайды.

Республика тұрғындарының құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында «Әділет кеңес береді», «Ашық есік күні», «Халық заңгері» науқандары өткізіледі. Аталған іс-шараларда мемлекеттік органдардың өкілдері, заңгерлер, адвокаттар азаматтарды қабылдайды және тегін заң көмегін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес әрбір азамат білікті заң көмегін алуға құқылы. Азаматтарға тегін заң көмегін көрсету тұрғындар үшін өз құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында маңызды ресурс болып табылады. Азаматтардың өз құқықтары мен қол жетімді мүмкіндіктерін білу – кез-келген заңды мәселелерді шешудің алғашқы қадамы.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Құқық түсіндіру және үйлестіру департаменті

# «ЛАТЫН ӘЛІПБИНЕ КӨШУ – ТАРИХТАН СЫР ТАРТУ»

«БІЗДІҢ ЗАМАНЫМЫЗ – ЖАЗУ ЗАМАНЫ: ЖАЗУМЕН СӨЙЛЕСУ АУЫЗБЕН СӨЙЛЕСУДЕ АРТЫҚ ДӨРЕЖЕГЕ ЖЕТКЕН ЗАМАН. СОНДЫҚТАН СӨЙЛЕЙ БІЛУ ҚАНДАЙ КЕРЕК БОЛСА, ЖАЗА БІЛУ КЕРЕКТІГІ ОДАН ДА АРТЫҚ» - ДЕГЕН АҒАРТУШЫ, ҰСТАЗ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың төп әліппесін жасап, 1912 жылы төте жазуға негізделген, тіліміздегі барлық дыбысты қамтыған сауатты жаңа Әліппені құрастырғаны баршамаызға аян. Әліппе – әліпбидегі дыбыс әуезділігіне құралатын ретке, тәртіпке, жүйеге үйрететін, білім жүйесінің негізі. Әліппе – балалықтан даналыққа дейінгі алтын көпір.

Қазақ елі тәуелсіздік алған жылдардан бері, латын әліпбиіне көшу мәселесі көтеріліп келеді. Тың тарихтың тереңіне үңілер болсақ, қазақ жазуы бірнеше рет өзгеріске ұшыраған болатын.

Жазу тарихында қазақ тілінің әліпби жүйесі күрмеуі мол кезеңдерді бастап өткізіп, ұлттық әліпби деңгейіне жеткен. Еуразия құрлығында ғылымға, Орхон Енесей жазулары деген атаумен танылған, көне түркілердің руникалық жазуы

қолданылды. Ал 1929 жылға дейін қазақ елі араб жазуын пайдаланды. 1929-1940 жылдарында латын графикасына негізделген әліпбиді жазу жүйесіне енгізсе, 1940 жылдан бері қарай кирилл графикасын қолданып келеді.

Латын әліпбиіне көшу – рухани жаңғырудың бір тармағы. Экономикасы даму жолына түскен саясаты сындарлы еліміз үшін енді рухани түлеу кезеңі туды. Осы сәтте латын әліпбиіне көшу болашағымыз үшін маңызды, - дейді ұлт зиялылары.

Қазір әлемнің 21 елі латын әліпбиін қолданады. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге

неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық, - деп айтқан еді.

Кез келген ұлттың әліпби таңдауы тек жазу үлгісін таңдау емес. Бүгінде Қазақстан халқы да замана көшінен қалмай, латын графикасына негізделген әліпбиді таңдауға бел буып отыр.

Керші мемлекеттердің көпшілігі латын графикасын таңдады. Әлемдегі ақпараттардың 90 пайызы латын графикасында жарық көреді. Ал, ақпаратқа кім иелік етсе, ғылым мен технологияға да сол ие болады.

Қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі – рухани жаңғырудың ең шешуші кезеңдерінің бірі. Бұл қоғамдық ой мен санаға түпкілікті өзгеріс жасайтын қадам. Латын әліпбиіне көшудің негізгі мақсаты әлеммен бірлесіп


түсу, ағылшын тілі, интернет тілін жетік игеруге жағдай жасау және қазақ тілінің дамуына және жаңғыруына жағдай туғызу.

Бүгінде латын әліпбиі кестесіне өзгерістер еніп, 2021 жылдың 28 қазанында қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру туралы ұлттық комиссияның отырысы өтті. Онда латын графикасына көшуде кезең-кезеңімен 2023 жылдан бастап, 2031 жылдар аралығында жоспарланған еді. Интернет пен түрлі технологиялардың қарыштап дамып тұрған кезеңінде, заман талабына сай латын әліпбиіне көшу, қазақ тілі үшін қарымды қадам болмақ.

Бір ғана мысал еліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. Латын әліпбиіне көшу, жарқын болашағымыздың кепілі, тіліміздің даму тарихында үздік тосын сый болары анық.

**Толғанай ӘДІЛХАНОВА,**  
Ойыл қазақ орта мектебінің 10 «Б» сынып оқушысы.

**EGOV MOBILE АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҚҰМАР ОЙЫНДАР МЕН БӘС ТІГУЕ ҚАТЫСУДАН 10 ЖЫЛҒА ДЕЙІН БАС ТАРТА АЛАДЫ**  
БҰРЫН ПАЙДАЛАНУШЫЛАР 6 АЙДАН 12 АЙҒА ДЕЙІН ТЫЙЫМ САЛУ МЕРЗІМІН ТАҢДАЙ АПАТЫН БОЛСА, ЕНДІ ҚҰМАР ОЙЫНДАР МЕН БӘС ТІГУДЕН ӨЗ БЕТІНШЕ БАС ТАРТУДЫҢ ЕҢ ЖОҒАРЫ МЕРЗІМІ 10 ЖЫЛҒА ҰЗАРТЫЛДЫ. ҚЫЗМЕТТІ EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНДА АЛУҒА БОЛАДЫ.



Сервис өтінімдерді өңдеу уақытын айтарлықтай қысқартады және құмар ойындарға өздігінен тыйым салуды орнату процесін жеңілдетеді. Ол кез келген азаматқа барлық лицензияланған ойын алаңдары мен букмекерлік компаниялардың онлайн платформаларына қол жеткізуді шектеуге мүмкіндік береді. Қызмет тек 21 жастан асқан адамдарға қолжетімді екенін атап өткен жөн.

**Қызметті пайдалану үшін пайдаланушы:**  
-eGov Mobile мобильді қосымшасында авторизациядан өтіп, «Қызметтер» → «Спорт» қойындысына өту;  
-«Құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысуды шектеу жөніндегі сервис» тармағын таңдау;  
-шектеудің аяқталатын жылы мен айын көрсету үшін «Қызмет алу» түймесін басып;  
-өтінішке Face ID/Touch ID арқылы қол қою қажет.

Өтініш бергеннен кейін пайдаланушы автоматты түрде құмар ойындарға қатысуына шектеу қойылған адамдардың тізіміне енгізіледі, өтінішті қайтарып алу мүмкін емес. Бұрын шектеу қойғандар үшін оның мерзімін ұзарту мүмкіндігі бар. Қайта өтініш берген жағдайда, жүйе пайдаланушыға шектеудің ағымдағы жағдайы туралы хабарлап, оны ұзартуды ұсынады.

Жаңартылған функционал ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Туризм және спорт министрлігінің Ойын бизнесін және лотореяны реттеу комитетімен бірлескен жұмысының арқасында іске асырылды.

**Жайнагуль СЕЙДАХМЕТОВА,**  
«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.

**КАЗАХСТАНЦЫ МОГУТ ЗАПРЕТИТЬ СЕБЕ УЧАСТВОВАТЬ В АЗАРТНЫХ ИГРАХ И ПАРИ ДО 10 ЛЕТ ЧЕРЕЗ EGOV MOBILE**  
**РАНЕЕ ПОЛЬЗОВАТЕЛИ МОГЛИ ВЫБРАТЬ СРОК ЗАПРЕТА ОТ 6 ДО 12 МЕСЯЦЕВ, ТЕПЕРЬ МАКСИМАЛЬНЫЙ СРОК САМОСТОЯТЕЛЬНОГО ОТКАЗА ОТ УЧАСТИЯ В АЗАРТНЫХ ИГРАХ И ПАРИ МОЖЕТ СОСТАВЛЯТЬ 10 ЛЕТ. ВОСПОЛЬЗОВАТЬСЯ СЕРВИСОМ МОЖНО В МОБИЛЬНОМ ПРИЛОЖЕНИИ EGOV MOBILE.**

Сервис значительно сокращает время обработки заявок и упрощает процесс установки самостоятельного запрета на участие в азартных играх. Он предоставляет возможность любому гражданину ограничить доступ ко всем лицензированным игровым площадкам и онлайн-платформам букмекеров. Важно подчеркнуть, что услуга доступна исключительно для лиц старше 21 года.

**Чтобы получить услугу, необходимо:**  
-авторизоваться в приложении eGov Mobile и перейти во вкладку «Услуги» → «Спорт»;  
-выбрать «Сервис по ограничению участия в азартных играх и (или) пари»;  
-указать год и месяц окончания ограничения, нажать «Заказать услугу»;  
-подписать заявку с помощью кода быстрого доступа, Face ID/Touch ID.

Ойыл аудандық мәдениет қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің кіші қызметкері Шынғали Кобландұлы Аймұқатовтың дүниеден озуына байланысты отбасына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

После подачи заявки пользователь автоматически внесется в перечень лиц, ограниченных от участия в азартных играх, без возможности отмены заявки. Для тех, кто ранее уже оформлял ограничение, доступна функция продления срока его действия. При повторной подаче заявки система уведомит пользователя о текущем статусе ограничения и предложит продлить его. Обновленный функционал реализован при сотрудничестве Комитета государственных услуг Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК, АО «Национальные информационные технологии» и Комитета по регулированию игрового бизнеса и лотореи Министерства туризма и спорта РК.

**Жайнагуль СЕЙДАХМЕТОВА,**  
Управление по связям с общественностью АО «НИТ».

# ҚАНТ ДИАБЕТИ — ҚАНДАЙ АУРУ?

ҚАНТ ДИАБЕТИ - КӨМІРСУТЕК, МАЙ, АҚУЫЗДЫҢ ЗАТ АЛМАСУЫНЫҢ СОЗЫЛМАЛЫ БҰЗЫЛУЫ, ЯҒНИ ҚАНҒА КӨП МӨШЕРДЕ ҚАНТ ТҮЙІРШЕГІНІҢ БӨЛІНУІНЕН ПАЙДА БОЛАДЫ. ДИАБЕТ ИНСУЛИННІҢ АСҚАЗАН АСТЫ БЕЗІНЕН ЖЕТКІЛІКТІ МӨШЕРДЕ БӨЛІНБЕУІ САЛДАРЫНАН БАСТАЛАДЫ.



## ҚАНТ ДИАБЕТИНІҢ НЕГІЗГІ СИМПТОМДАРЫ:

- үнемі сусап тұру (полидипсия)
- кіші дәреттің жиілеп, көп болуы (полиурия)
- үнемі шаршаулы сезіну (полифагия)
- қол-аяқтың ұйып, жансыздануы
- үнемі қарын аштығынан арылмау
- салмақ азаюы

## ҚАНТ ДИАБЕТИНІҢ ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙЛІ СИМПТОМДАРЫ:

- терінің қышуы
  - көздің көру қабілетінің айырылуы («тұман көлегейлегендей»)
  - жыныс қынабының жиі инфекциямен ауыруы
  - аяққа жазылмайтын созылмалы жара шығуы.
  - естен тану (қысылтаяң жағдайларда)
- Осы аталған белгілер басқа ауруларға да тән. 40 жастан кейін диабетті дәрі-дәрмексіз-ақ тамақтануды дұрыс жолға қою арқылы емдеуге болады. Диабетпен ауыратындар диетаны өмір бойы сақтауы керек, бұл жағдайда дұрыс диета сақтаудың мәні зор.

## ҚАНТ ДИАБЕТИНІҢ ТИПТЕРІ:

Қант диабеті алты категорияға жіктеледі: 1 типті қант диабеті,

2 типті қант диабеті, қант диабетінің гибриді түрлері, жүктілік кезінде алғаш анықталған гипергликемия, «жіктелмеген қант диабеті» және «басқа ерекше түрлері».

Қант диабетінің бірінші типі: 1 типті қант диабеті ұйқы безі аралықтарының инсулин түзетін бета-жасушаларының жоғалуымен сипатталады, нәтижесінде инсулин жетіспейді. Көп жағдайда 1 типті қант диабеті иммунитеттің әлсіздігіне негізделген, онда Т-жасушалармен жүретін аутоиммунды шабуыл бета-жасушалардың, демек инсулиннің жоғалуына әкеледі. Көбіне зардап шеккен адамдардың дені сау және пайда болған кезде салмағы қалыпты. Инсулинге сезімталдық пен сезімталдық әдетте қалыпты, әсіресе алғашқы кезеңдерде. Бұл диабет балаларда жиі кездесетіндігіне байланысты «ювенильді диабет» деп аталса да, 1 типті қант диабетімен өмір сүретін адамдардың көпшілігі қазір ересек адамдар.

1 типті қант диабеті тұрақты емес және болжанбайтын жоғары қант деңгейімен және диабеттік кетоацидоздың немесе қандағы қант деңгейінің тым қатты төмендеуімен қатар жүруі мүмкін. Басқа

асқинуларға қандағы қанттың төмендеуіне, инфекцияға, гастропарезге және эндокринопатияға қарсы реттегіш реакциялардың бұзылуы жатады (мысалы, Аддисон ауруы).

1 типті қант диабетіндегі аутоиммунды шабуыл. 1 типті қант диабеті ішінара көптеген гендермен, соның ішінде қант диабетіне қауіп төндіретін белгілі бір HLA генотиптерімен жүреді. Генетикалық сезімтал адамдарда қант диабетінің басталуын вирустық инфекция немесе диета сияқты бір немесе бірнеше факторларға қатысты болды, бірақ бүгінгі күнге дейін адамдарда бұл гипотезаны растайтын дәлелдер жоқ.

## ҚАНТ ДИАБЕТИНІҢ ЕКІНШІ ТИП:

2-ші типті қант диабеті инсулин-резистенттілікпен сипатталады және кей жағдайда төмендетілген инсулин секрециясымен қатар жүреді. Қант диабетінің бұл типі - қант диабетінің ең көп таралған түрі. 2 типті қант диабетімен ауыратын көптеген адамдарда диабетке дейін бұрын предиабеттік белгілер болғаны рас (глюкозаның баяу сіңірілуі және / немесе глюкозаға төзімділіктің нашарлауы).

Предиабеттік жағдайдың 2 типті қант диабетіне өтуіне жол бермеу үшін салауатты өмір салтын ұстану, инсулинге сезімталдықты жақсартатын немесе бауырдағы глюкоза өндірісін төмендететін дәрі-дәрмектер қолдану секілді шаралар жүргізіледі. 2 типті қант диабеті, ең алдымен, өмір салты мен генетикалық факторларға байланысты. Өмір салтының бірқатар факторлары 2 типті қант диабетін дамуына әкелуі мүмкін, оның ішінде семіздік (дене салмағының индексі 30-дан жоғары), физикалық белсенділіктің болмауы, дұрыс тамақтанбау және қалыпты жағдайда стресске ұшырау.

## ДИАБЕТПЕН АУЫРАТЫНДАРДЫҢ ДИЕТАСЫ:

Диабетпен ауыратын толық адамдар алдымен артық салмақтан арылуы керек. Диабетшілер қант, көмпит және басқа да тәтті тағамдарды ішпеулері қажет. Олардың ірі ұнтақты ұннан пісірілген нан, сондай-ақ крахмал қоспалы асбұршақ күріш, картоп және басқа да құрамында ақуыз бар тағамдармен тамақтанғаны жөн болады. Диабет ауруымен зардап шегетін ересек адамдардың алмұрт тектес тікенекті кактустың (нопал, опантис) сөлін ішкені дұрыс. Бұл үшін кактусты ұсақтап тұрап, езіп, сөлін сығып алып, күніге тамақ алдында үш рет 1,5 кеседен қабылдау қажет. Тіс қызыл етін, таңдай қуысын инфекциядан сақтау үшін тісті тамақтан соң жуып тазалаған дұрыс болады. Аяқты дәйім таза ұстау қажет, жаралап, қажатып алмас үшін өзіңізге ыңғайлы да шақ аяқ киім киіңіз жөн. Аяқ қан тамырлары қызметін жақсартып, қан айналысын ретке келтіру үшін (аяқта қара дақтар болып, немесе ұйыған жағдайда) демалған кезде аяқты жоғары көтеріп қойып жату керек. Аяқ көктамырлары кеңейгенде (варикозное расширение вен) де осы ақыл-кеңеске ден қойған абзал.

**Бекзат ТАЛАСҚАЛИЕВА,**  
Дәрігерге дейінгі кабинет медбикесі.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

## Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров  
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат  
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1207 дана. Тапсырыс 1567 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.**  
**Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.**  
**Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**

«TAZA QAZAQSTAN»:

ҚАРАТАЛ АУЫЛЫНДА АҚЦИЯ ЖАЛҒАСУДА Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТИҢ ОРТАЛЫҒЫ – ҚАРАТАЛ АУЫЛЫНДА «TAZA QAZAQSTAN» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА «ТАЗА БЕЙСЕНБІЛІК» ТАЗАЛЫҚ АҚЦИЯСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.



Көкемті су тасқыны кезінде толықтай су астында қалған ауыл бүгінде қайта жаңғырып, еңсесін тіктеді. Бұзылған үйлердің орнына жаңалары бой көтеріп, әлеуметтік нысандар толық қалпына келтірілді. Ауыл көшелері ретке келтіріліп, бұрынғы тасқын салдарын жою жұмыстары қарқынды түрде жалғасуда. Тазалық акциясында ауыл

тұрғындары көшелерден қоқыс жинап, саябақты абаттандырды. Шараға «AMANAT» партиясының «Қаратал» бастауыш партия ұйымы бастамашы болып, депутат Назгүл Ешпанова мен ауыл тұрғындары белсене қатысты. Бұл бастама тек ауылдың тазалығын сақтау ғана емес, ел бірлігін нығайту жолында маңызды қадам болды.

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ҚОҒАМ БОЛЫП ЖЕНЕМІЗ!



Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қарқынды жүргізілгенімен, әлі де түпкілікті нәтижеге қол жеткізу үшін кешенді шаралар жүзеге асырылуы керек. Ол үшін баршамыз бір ауыздан атсалысуымыз қажет. Ойыл обаға қарсы күрес бөлімшесінің қызметкерлерімен жемқорлықты жою жөніне онымен күресу жолында бірқатар шаралар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, ауданда орналасқан мемлекеттік және оған теңестірілген мекеме қызметкерлері арасында жемқорлықтың зардабы және жемқорлық қылмысы үшін тағайындалатын жаза түрлері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, аталған тақырыпта мақалалар жарияланды. Алдағы уақытта да аталған бағыттағы жұмыстар өз жалғасын табатын болады. Сонымен қатар, елімізде жемқорлықты жою мақсатында заң талаптары күшейтілді. Яғни мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның немесе оған теңестірілген адамның пара беруші адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса, не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге ықпал жасай алатын болса, немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы пара алуы орын алған жағдайда Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 366 бабы бойынша мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айы

рыра отырып, параның жиырма еселенгеннен елу еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Жемқорлықты жоюдың тиімді тәсілдерінің бірі жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру мен тәрбиелеу – тұлғаның адамгершілік, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын, тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі. Сонымен қатар ақпараттық және ұйымдастырушылық қызмет бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, әлеуметтік маңызды іс-шараларды ұйымдастыру арқылы іске асырылады. Сондықтан жемқорлықпен күрес жолында аталған бағыттағы шараларды үздіксіз атқаруымыз қажет. Қазіргі таңда және болашақта сыбайлас жемқорлық орын алмай, мүлдем жемқорлыққа орын болмауы керек. Ол үшін баршамыз аталған мәселемен бірдей күресіп, жемқорлықтың ушықпауының алдын алып, жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру арқылы жемқорлыққа қарсы тұруымыз қажет. Асылзат ӨТЕПБЕРГЕНОВА, Ойыл обаға қарсы күрес бөлімшесінің басшысы.

АДАМҒА БАҒДАРЛАНҒАН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ ӨРІ ҚАРАЙ ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ДАМУҒА ҮШІН 2024 ЖЫЛДЫҢ ШІЛДЕ АЙЫНДА ЕЛІМІЗДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ ДАМУДЫҢ 2024–2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ БЕКІТІЛДІ.

Тұжырымдаманың негізгі бағыты – мемлекеттік қызметті адамға бағдарланған және сервистік сипатта ілгерілету, мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру, HR-процестерді басқару. Тұжырымдаманы іске асыру шеңберінде «Мемлекеттік қызмет туралы» жаңа заң әзірлеу жоспарлануда, ол мемлекеттік қызметтің миссиясын, міндеттері мен талаптарын жаңаша айқындайтын болады. Бұл заң мемлекеттік қызметке кіру және оны өткерумен ғана шектелмей, мемлекеттік қызметшілер мен азаматтардың қарым-қатынас мәдениетін жаңа деңгейге көтеруге септігін тигізеді. Осылайша, мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы мәдениеттің сапасы мен деңгейін арттыруға және мемлекеттік қызметшілер мен халық арасындағы қатынастарды үйлестіруге ықпал ететіні сөзсіз. Мемлекет ұсынатын қызметтердің қолжетімділігін арттыру мен ашықтық пен әділеттілік қағидаттарын одан әрі нығайтумен қамтамасыз етілетін болады.

2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдама әлемнің жетекші елдерінің басқару практикасында қалыптасқан заманауи трендтерге сүйене отырып, мемлекеттік қызметтің сервистілік және клиентке бағдарлану қағидаттарына негізделген моделін құруға бағытталды. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметке кіру процесін жеңілдетуге, бюрократияны қысқартуға және кадрларды іріктеудің жаңа автоматтандырылған жүйесін енгізуге бағытталған үлкен жаңашылдық болмақ. Айбек ШІЛМАНОВ, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Ақтөбе облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.



ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫНДА ҚОҒАМДЫҚ КЕНЕСТІҢ РОЛІ ҚАНДАЙ?



Қоғамдық кеңестер туралы Қазақстан Республикасының заңы 2015 жылы 2 қарашадағы №383 – V ҚРЗ 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді. Осы заң қоғамдық кеңестердің құқықтық мәртебесін, оларды қалыптастыру тәртібін және халық алдында есеп беретін мемлекет саясатты іске асыруға, барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың, сондай – ақ ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық компаниялардың (бұдан әрі - квазимемлекеттік сектор субъектілері) шешімдер қабылдауына коммерциялық емес ұйымдардың, азаматтардың кеңінен қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайды. Қоғамдық кеңестер екі деңгейде – республикалық және жергілікті деңгейлерде құрылады. Қоғамдық кеңестер автономды және дербес болып табылады. Қоғамдық кеңестер арасындағы өзара іс-қимыл осы заңда көзделген тәртіп-

пен жүзеге асырылады. Жергілікті деңгейдегі қоғамдық кеңестерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің қоғамдық кеңестері жатады. Бұл ретте ауыл, кент, ауылдық округ, аудандық маңызы бар қала деңгейіндегі Қоғамдық кеңестің функциялары жергілікті қоғамдық жиналысына жүктеледі. Қоғамдық кеңестердің ұсынымдары Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шешімдерді қабылдайтын және уәжді жауаптар беретін мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қарауы үшін міндетті болып табылады. Тиісті өңірдегі, саладағы, қызмет аясындағы әлеуметтік-экономикалық даму және жәй-күйі үшін жауапкершілік Қоғамдық кеңеске жүктелмейді және мемлекеттік органдарда, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде болады. Қоғамдық кеңес қоғамдық бақылауды мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шешімдер қабылдау процесіне азаматтық қоғамның мүмкіндігін кеңейту мақсатында жүзеге асырады. Қоғамдық бақылаудың міндеттері: - Қоғамдық органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметінің тиімділігін, ашықтығын және бүкпесіздігін арттыру; - Қоғамдық мүдделерді қорғауға бағытталған азаматтық бастамаларды іске асыру; - Азаматтардың мемлекетпен оның органдарының, жергілікті өзін – өзі басқару органдарының, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне сенім деңгейін арттыру, қоғам мен мемлекет арасында кері байланысын қамтамасыз ету, әлеуметтік жанжалдың алдын алу және оларды шешу; - Халықты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесіне тарту. Қоғамдық қабылдауды жүзеге асыру: - Қазақстан Республикасының ақпаратқа қол жеткізу саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес қоғамдық бақылау объектісінің қызметі туралы ақпаратқа қол жеткізу; - Қоғамдық кеңес мүшелерінің және қоғамдық бақылау субъектілерінің мемлекеттік органдарының алқалы органдарының отырыстарына қатысу; - мемлекеттік комиссиялардың құрамына қоғамдық кеңестердің мүшелерін қосу; - азаматтардың жеке немесе ұжымдық жолдандықтарын, оның ішінде электрондық құжат нысанында беру; - сұрау салулар беру; - Қоғамдық кеңес айқындай-

КЕЗДЕСУ ЖИЫНЫҢ АРҚАУЫ –

ЖОЛ ҚАТЫНАСЫНЫҢ ЖЫРЫ

СОҢҒЫ ЕКІ АПТАДА АУДАН ӘКІМІ БАРЛЫҚ ЕЛДІ-МЕКЕННІҢ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІП, ЖЫЛ ІШІНДЕ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРДЫ САРАЛАП, ХАЛЫҚТЫ ТОЛҒАНДЫРҒАН САУАЛДАРҒА ЖАУАП БЕРДІ.



Кездесу жиындарда ауданның инфрақұрылымы, әлеуметтік салалардағы жетістіктер мен шешімін күткен мәселелер талқыланды. Қорытынды жиын өткен аптада Ойыл селосында өтті. Мұнда да тұрғындардың қордаланған сауалдары көп екен. Әсіресе, басты мәселелер - жол, жарықтандыру, газ және электр жүйесі саласына байланысты болды. Аудандағы жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 243,3 шақырым. Соның ішінде 104,4 км жолдың жағдайы сын көтермейді. Ойыл селосының шеткері аймақтарының тұрғындарын да жолдың жайы алаңдатады. Ауылшілік жолдарды жөндеу жұмыстары туралы әкімнің жауабына халықтың көңілі көншімейді. Сондай-ақ, жол құрылысы саласындағы мердігерлердің жұмысы да сын көтермейді. Яғни, жолдың сапасы мердігерлердің жауапкершілігінің куәсі. Бірақ, бұл мәселе шешімін тапқанша халықтың әлі біраз төзімін тауысатын түрі бар. Жалғыз шешімін таппаған мәселе - жол емес. Кешелерді жарықтандыру да уақыт күттірмейтін шаруа. Әсіресе, шеткері көшелерді жарықтандыру. Әкімдік бұл мәселемен

жақсы таныс екендігін, қол байлау болып отырған сапалар мен шешімін күткен мәселелерді алға тартты. Өз кезегінде бұл мәселені шешу үшін жобалар дайындап, бюджеттік қаржыландыруды арттыруды көздеп отыр. Тұрғындар сауалындағы келесі мәселе газ желісіндегі ақаулықтар мен электр қуатының тұрақсыздығы. Қыс мезгілінде желілердегі ақаулықтар халық арасында үлкен алаңдаушылық тудырып отыр. Қылышын сүйретіп келген қытымыр қыстың уақытында желілердің мәселесі әлі талай тұрғынның бас ауруына айналары сөзсіз. Әкімдік инженерлік желілерді жаңарту үшін тиісті мекемелермен келіссөздер жүргізіліп жатқанын, алаңдауға еш себеп жоқ екенін айтып отыр. Ал халықтың әкім сөзіне сенуден басқа амалы жоқ. Әкімдік халық көтерген мәселелерді шешуге бар күшін салатынын айтты. Бюджеттік қаржыландыруды ұлғайту, сапалы мердігерлер тарту және инфрақұрылымды жақсарту бойынша нақты шаралар қабылданбақ. Бірақ, бұл мәселелер шешімін тапқанша халықтың әлі біраз шыдауына тура келеді. Әділет ШАБАЙ, Ойыл селосы.

тын, Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбайтын өзгеде тәсілдер арқылы жүзеге асырылады. Қоғамдық мониторингті ұйымдастыру және жүргізу тәртібі қарастырылған. Қоғамдық мониторингті Қоғамдық кеңестің тапсырмасы бойынша коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері және азаматтар жүзеге асырады. Қоғамдық мониторинг қорытындысында: - мемлекет қызметтер көрсету нәтижесінде азаматтар үшін анықталған жағымсыз салдар туралы және қоғамдық мүдделерге қысым жасалғаны туралы ақпараттар; -ҚР заңнамасының бұзушылықтарына қоғамдық мониторинг барысында анықталған себептер мен жолдауындарды жою жөніндегі ұсынымдар; - бақыланатын объектілердің тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстар; - нормативтік құқықтық актілерге, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ішкі құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстар қамтылады. Қоғамдық мониторингтің қорытындысы негізінде Қоғамдық кеңес ұсынымдарды қабылдайды және тиісті мемлекеттік органдарға, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жібереді. Аманорман АЛТЫБАЙ, Ойыл аудандық Қоғамдық кеңесінің әлеуметтік-экономикалық даму, бюджет, халықты әлеуметтік қорғау және аграрлық сала мәселелері жөніндегі комиссиясының төрағасы.